

Хаттама №4

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 28 наурыз күні жоспарға сәйкес кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-40

Қатысқаны-37

Дәлелді себептермен қатыспағаны-3

Күн тәртібінде:

1. III оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы
/Б. Аханов, С. Кәрібай/
2. 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысы, 7-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мен мамандық тандау жұмыстарының жүргізілуі. /Г. Қосбанбетова/
3. Мектеп жасына дейінгі баланы ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. /Г. Таштитова/
4. Сыныптарда ұйымдастырылған Lesson Study үдерісінің қорытындылары туралы
/Б. Аханова/
5. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, мектепшілік бақылау:
А) Ғылыми конкурстарға қатыстырудың нәтижелілігі.
Ә) Білім сапасын арттыру және оқушыларды ынталандыру бойынша мұғалімнің жұмыс сапасына баға беру. Б) Мұғалімнің оқуды жүйелеу, балалардың жеке ерекшеліктері (темперамент, мінез, қабілет, бейімділік және т.б), өзінің жеке ерекшеліктерін біле білу қабілетін анықтау. /Б. Аханова/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова сөз алып, III оқу тоқсанындағы оқу тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы баяндады. 2023-2024 оқу жылының III тоқсанда 4 сыныпқа 1 оқушы келді. 1-11 сынып бойынша 100 оқушымен бастап, 100 оқушымен аяқтадық. «Тасөткел» бастауыш мектебінде 5 оқушы білім алып жатыр. Үздік оқушылар -31, екпінділер- 28. Жалпы білім сапасы 65 пайызды құрап тұрғанын баяндай келе сыныптардың пайызына жеке-жеке тоқталды.

1-сыныпта баға шықпайды

2 –сыныпта 10 оқушы 5 үздік, 4 екпінді білім сапасы 90 пайыз

3- сыныпта 10 оқушы 5 үздік, 2 екпінді білім сапасы 70 пайыз

4-сыныпта 9 оқушы 3 үздік, 4 екпінді білім сапасы 77 пайыз

4 А сыныпта 5 оқушы (1-с. 1оқу) 1 үздік, 2 екпінді білім сапасы 75 пайыз

5-сыныпта 7 оқушы 2 үздік, 3 үздік білім сапасы 71 пайыз

6-сыныпта 10 оқушы 3 үздік, 3 екпінді білім сапасы 60 пайыз

7- сыныпта 8 оқушы 4 үздік, 1 екпінді білім сапасы 62 пайыз

8 -сыныпта 8 оқушы 3 үздік, 1 екпінді білім сапасы 50 пайыз

9- сыныпта 8 оқушы 3 үздік, 1 екпінді білім сапасы 50 пайыз

10- сыныпта 7 оқушы 2 үздік, 2 екпінді білім сапасы 57 пайыз

11- сыныпта 7 оқушы үздік жоқ, 5 екпінді білім сапасы 71 пайызды құрап отыр.

III оқу тоқсанының үлгерімі бойынша білім сапасының көрсеткіші бойынша есептегенде үлгермеуші оқушы болған жоқ

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай өз сөзінде тәрбие жұмыстарының III оқу тоқсанының тәрбие жоспарына қатысты жоспарлар құрылды. Ата-аналар жиналысы болып, отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккор, білімді азаматты тәрбиелеу екендігі жеткізілді. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесен, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала тәрбиесін ең бірінші орынға қою керек екенін айтылып баяндама жасалды.

2024 жылдың 15-19 қаңтар аралығында құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты әрбір сыныптарда кездесулер өткізілді.

13.01.2024 ж. күні 8-11 сынып оқушыларына «Балалармен жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол салудың алдын алу» тақырыбында психоконсультация берілді. Мектебімізде 2023-2024 оқу жылының қаңтар айынан бастап **«Өзін-өзі басқару», «Парламент»** оқушылар қауымдастығы жобасы құрылып, оқушылар арасында 6 фракция бойынша сайлау өткізілді. Өткізілген сайлау қорытындысымен әрбір фракциядан сайланған оқушылармен арнайы іс-шаралар жоспармен жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстарға мектеп тәлімгері бекітіліп, бақылау басшылық жасауға ДТІЖО С. Кәрібай яғни өзім бекітіліп, төмендегідей жұмыстар атқарылды. **«Көшбасшылықты дамыту - табысқа жету жолы»** тақырыбындағы ойын-тренингтерін психолог жүргізіп келеді. Әлеуметтік-педагог А.Аханов аудандық мектепшілік қайырымдылық акциясына қатысып, қайырымдылық шараларын жүргізіп келеді. АӘД пәнінің мұғалімі Н.Әбжали ұйымдастыруымен ақпан айында **«Кеңес әскерінің Ауған соғысының босатылғанына-35 жыл»** толуына орай 10-11 сыныптар арасында пневматикалық мылтық атудан мектепшілік іріктеу өткізіп, аудандық жарыстарға қатысып, бір оқушысы аудандық жарысқа жолдама алды. Тарих пәні мұғалімі Б. Бөлебаева 8-10 сынып оқушыларымен **«Кешегі күн –бүгінгі тарих»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Сонымен қатар дене-шынықтыру пәнінің мұғалімдері Рухани құндылықтарды насихаттау мақсатында «Ұлттық құндылық-ұлт қорғаны» тақырыбында асық атудан мектепшілік іріктеу өткізіп, аудандық жарыстарға қатысты. **«Салауатты өмір салты-денсаулық кепілі»** ауыл жастарымен жолдастық кездесулер өткізілді.

25-26.01.2024 жыл күні аралығында «Тұмау-жұқпалы ауру» тақырыбында мектеп оқушыларына кеңестер берілді.

2024 жылдың қаңтар ақпан айларында 10 күн себепсіз сабақтан қалған оқушы тіркелген жоқ және құқықбұзушылық орын алған жоқ.

21.02.2024 жылы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия отырысының тапсырмасына сәйкес, учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Жақсылық Еркін Сақтапбергенұлы, ауылдық медицина бекетінің қызметкері және мектеп психологінің қатысуымен сынып оқушылары арасында құқықтық сауатылығын, жасөспірімдердің өмірі мен қауіпсіздігін сақтау бағытында жыныстық тиіспеушілік және құқық бұзушылық қылмыстың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 28 ақпан күні 5-11 сынып оқушыларына, психолог, АӘД жетекшісі, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 5-11 сынып жетекшілері және дінтану пәнінің мұғалімдері діни ағымдарына кіріп, адасқандар туралы бейне ролик көрсетті.

Өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі 26-29.02.2024 жыл аралығында «Ұстазыма рахмет!» жәшігін ұйымдастырды. Мектеп оқушылары ұстаздарына алғыстарын білдірді. Мектеп оқушылары 1-наурыз-Алғыс айту күніне орай ата-аналарына, ұстаздарына, достарына әлеуметтік желілерден алғыс білдірді.

26.02.-01.03.2024 жыл күндері «Көңілді үзіліс» кезінде мектеп оқушылары алғыс айту мақсатында ұстаздарға түрлі іс-шаралар ұйымдастырды.

1 наурыз-Алғыс айту күніне орай «Жасұлан» ұйымы мерекелік концерт өткізді.

8 наурыз-Халықаралық әйелдер мерекесі күніне орай әріптестеріміз, облыстық, аудандық, мектепшілік кәсіподақ комитетінің ұйымдастырған іс-шараларына қатысып, марапатталды.

19 наурыз күні «Армысың, әз Наурыз!» атты МАД тобы мен 1-4 сыныптар, 5-8 сыныптар және 9-11 сыныптар арасында жас ерекшеліктеріне қарай наурыз мерекелік іс-шарасы аталып өтілді.

Ұсыныс: 2023-2024 оқу жылының III оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, үздік нәтижелерге жеткен оқушылар мен мұғалімдердің жұмыстары №2 мектепшілік журналға жарияланып, билбордқа ілініп, насихатталса.

Екінші мәселе бойынша 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысы, 7-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар берумен мамандық таңдау жұмыстарының жүргізілуі бойынша мектеп директорының бейінді жөніндегі орынбасарын міндетін уақытша атқарушы Г. Қосбанбетова баяндады. 2023-2024 оқу жылындағы 11 сыныпты 7 оқушы білім алуда. Қазіргі таңда 6 оқушымен таңдаған мамандықтарына сәйкес, таңдау пәндері бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп келеді. Оқушыларды бақылау мақсатында ай сайын тест алынып, мұғалімдер мен ата-аналарға кемшіліктер мен жетістіктері талқыланып отырды. 11 сыныптың дайындық кестесі бекітіліп кестеге сәйкес бақыланып тұр. Қаңтар айындағы ақылы негіздегі ұлттық бірыңғай тестілеуіне 29-шы қаңтарға П. Жұмабек, Н. Исабек, Н.Әмірбек, А.Тілеуберген, 31-ші қаңтарға Р.Смағұл тіркелген. Оқушылар мен ата-аналарға ұлттық бірыңғай тестілеуінің қатаң ережелері мен таныстырып, түсіндірме жұмыстары жүгізілді. 11 сынып оқушысы Р.Смағұлдың төл құжатының болмауына байланысты, туу туралы куәліктің анықтамасы дайындалды. Қаңтар айындағы тест қорытындысы бойынша оқушылардың көрсеткіші төмендегі кестеде.

№238 орта мектеп бойынша 11 сынып оқушыларының қаңтар айындағы алындаған тест көрсеткіші 29-31.01.2024ж

р/с	Оқушының аты-жөні	Тест тап-н күні	Негізгі пәні			Таңдау пәні					Тест қор/ы
			Оқу /сау	Тарих	Мат /сау	Биоло-гия	Хи-мия	Геогра-фия	Құ-қық	Д /тар	
1	Әмірбек Ерталап Талғатбекұлы	29.01. 2024	8	11	7	14		18			58
2	Жұмабек Панабек Рашидұлы	29.01. 2024	9	10	5	23	16				63
3	Тілеуберген Аружан Асқарқызы	29.01. 2024	7	11	2	27	23				70
4	Сұмағұл Рахман Темірбекұлы	31.01. 2024	11	8							19
5	Исабек Назымшат Азаматқызы	29.01. 2024	7	14	1				34	34	86
Қорытынды			42	54	15	64	39	18	34	37	296
Пайызы			8,4	10,8	3,75	21,3	19,5	18	34	34	149

Тест қорытындысы бойынша төменгі көрсеткіш көрсеткен оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Ақпан айының 23 күні оқушылардың білімін бақылау мақсатында сынама тест алынды. Тестке ҰБТ ке қатысатын 6 оқушы түгел қатысты.Нәтижесінде төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті.

№238 орта мектеп бойынша 11 сынып оқушыларының тест көрсеткіші

р/с	Оқушының аты-жөні	Негізгі пәні			Таңдау пәні					Тест қор/ы
		Оқу /сау	Тари х	Мат /сау	Биоло -гия	Хи-мия	Геог-рафия	Құ-қық	Д /тар	
1		9	11	4	12		25			62
2	Әмірбек Ерталап Талғатбекұлы	7	15	7	16		20			65
3	Жұмабек Панабек Рашидұлы	9	12	2	21	19				63

4	Тілеуберген Аружан Асқарқызы	9	8	2	16		33			68
5	Сұмағұл Рахман Темірбекұлы	11	8							19
6	Исабек Назымшат Азаматқызы	8	12	1				34	35	90
Қорытынды		53	66	16	65	19	88	34	35	348
Пайызы		8,8	11	3,3	10.8	19	14.6	34	35	135.8

Наурыз айында ҰБТ-ке тестке қатысатын оқушылардың барлығы қатысу күнін таңдап отыр. Атап айтар болсам Әмірбек Нұрталап, Жұмабек Панабек, Исабек Назымшат, Тілеуберген Аружандар 28.03.2024 ж. таңдады. Қалған екі оқушы Смағұл Рахман мен Көпен Айдын 29.03.2024 күндерді таңдады. Түлектерге сынақ тапсыратын күндеріне сәттілік тілеймін.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру мен мамандық таңдау жұмыстарының жүргізілуі.

Оқушыларға мамандық таңдау барысында аудандық білім бөлімінен келген қатынас аясында 11 сынып оқушысын таңдаған мамандығына сәйкес Алматы қаласындағы Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы «Жас із кесуші» сайысына қатысуға бағыт бағдар беріп отырмын. Сайыстың бірінші және екінші кезеңінен тапсырмаларын орындады. Бірінші кезеңнен өтіп екінші кезеңге жолдама алды. Екінші кезеңнің тапсырмаларын орындап нәтижесін күтудеміз. Бұл екі кезең онлайн форматында өтіп жатыр. Екі кезеңнен сәтті өтсе үшінші кезең оффлайн өтіледі. Бұл кезеңнен де сәтті өтсе «Полицидағы бір күн» жобасына қатысып бағын сынады.

Ұсыныс: 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысы, 7-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мен мамандық таңдау жұмыстарының жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп танылып, аталған жұмыстарды ары қарай да талапқа сай жүргізу, үйлестіру мектеп директорының бейінді жөніндегі орынбасары міндетін уақытша атқарушы Г. Қосбанбетоваға міндеттелсе.

Келесі мәселе бойынша «Қуаныш» шағын орталығындағы мектеп жасына дейінгі баланы ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу туралы шағын орталықтың әдіскері Г.Таштитова шығып баяндады. Ол өз сөзінде тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша жұмыс жүргізіліп жатырғандығын атап өтті.

Тәрбие баланың дүниеге келген сәтінен басталады. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс әрекет-ойын. Ойын – мектепке дейінгі балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбиенің шешуші шарты болып табылады. Баланың таным түсінігі, іс әрекеті ойыннан бастау алады да, болашақ өміріне де жалғасын табады. Ойын үстінде бала жеке тұлға ретінде дамиды, адамдармен қарым қатынасты, әрекетті өзі реттеп, ұжымдық ойлаудың алғашқы тәжірибесін алатындығы дәлелденген. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойын-балалар үшін айналадағыны білу тәсілі. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшелігіне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру деп ерекше бағалаған. Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді.

Ұсыныс: Мектеп жанынан құрылған «Қуаныш» шағын орталығындағы мектеп жасына дейінгі баланы ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу бағытындағы ұйымдастырылған жұмыстарды ары қарай жалғастыру тәрбиешілерге, қадағалау шағын орталық әдіскері Г.Таштитоваға міндеттелсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова сыныптарда ұйымдастырылған Lesson Study үдерісінің қорытындылары туралы

баяндады. 2023 -2024 оқу жылында апталықтар барысында 5,6 сыныптарға, орыс тілі мен информатика пәні бойынша Лессон стади жүргізілді. Сыныптар бойынша А,В,С деңгейлі оқушылар анықталып, әр сабақ бойынша зерделеніп сабақ соңында оқушы үні тыңдалып талдау жасалды. Сабақтар жоспарлаушы топпен бірлесіп жоспарланды. Сабақ барысында сынып ерекшелігіне қарай тиімді әдіс - тәсілдер қолданылды.

Ұсыныс: Алдағы уақытта Lesson Study үдерісі математика, химия пәндерінен де ұйымдастырылса және осы үдерістің талапқа сай құжаттармен жүргізіліп, жинақталуы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға жүктелсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, мектепшілік бақылау: А) Ғылыми конкурстарға қатыстырудың нәтижелілігі.

А) Білім сапасын арттыру және оқушыларды ынталандыру бойынша мұғалімнің жұмыс сапасына баға беру туралы баяндады. Білім сапасын арттыру және оқушыларды ынталандыру бойынша мұғалімнің жұмыс сапасына баға беру мақсатында атқарылған жұмыстармен, әр пән бойынша білім сапасы сараланды. Мектепшілік, аудандық олимпиадалар мен жарыстарда жүлделі орын алған оқушылар мен жетекші мұғалімдер марапатталды. Сонымен бірге оқушылардың білім сапасын арттыруға үлес қосқан мұғалімдерді ынталандыру мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Мұғалімдер сабақ барысында әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беріп қабілеттеріне қарай жұмыстар жасап жатыр. Сабақ барысында әр оқушының бейімділігіне қарай мінез -құлық темпераменттерін анықтап, мектеп психологімен білесіп жұмыстар жүргізуде. Зерттеу барысында жас ерекшеліктеріне қарай оқушылар бақылауға алынып, жеке жұмыстар жасалуда.

Ұсыныс: Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, мектепшілік бақылау бойынша жұмыстарды талапқа сай жүргізу, жинақтау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға бекітілсе.

Шығып сөйлеушілер:

1. **Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н. Әбдімұратов:** Аталған, бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер өте өзекті деп ойлаймын. Пәндерден көрсеткіштері төмен пайыз болып тұрған сыныптарды пән мұғалімдері алдағы уақытта қосымша сабақтарға шақырып, білімдерін тереңірек зерделей түседі деп сенемін.
2. **Орыс тілі пәнінің мұғалімі Ж. Асанова:** Олқылықтармен жұмыс барысында апталыққа бірлестік мүшелері ерекше белсенділікпен араласты. Жалпы өткізілген апталықтардың берері мол болды деп толық айта аламын. Ізденіс, кәсіби өсу, шығармашылық жұмыстарды жетілдіруге жол ашық. Қазіргі күннен күнге өзгеру, даму үстіндегі кезеңде әсіресе педагогтарға бір орында тоқтап қалуға әсте болмайды. Өз пәнімнен Lesson Study үдерісі бойынша зерттеу сабағын 5-сыныпқа өттім. Нәтижесінде: оқушыларым орыс тілі пәнін осы тақырыптардан соң толық түсінгендейміз деп ойларын айтып отырғандары мені қуантты. Мұғаліммен бірге оқушылар да нәтижеге жететінін білдім.
3. **Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А. Жарболова:** Аталған мәселелерге өз пікірімді қосар болсам, балалардың қауіпсіздігі басты назарымызда болу керек. ҰБТ-ға оқушыларын дайындап жатқанын көріп жүрмін және әлі де дайындықты күшейту керек деген ойларыңызды қолдаймын. Үздік нәтижелерге жетулеріңізге тілектеспін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының III оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, үздік нәтижелерге жеткен оқушылар мен мұғалімдердің жұмыстары №2 мектепшілік журналға жарияланып, билбордқа ілініп, насихатталсын.

2. 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысы, 7-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мен мамандық таңдау жұмыстарының жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп танылып, аталған жұмыстарды ары қарай да талапқа сай жүргізу, үйлестіру мектеп директорының бейінді жөніндегі орынбасары міндетін уақытша атқарушы Г. Қосбанбетоваға міндеттелсін.
3. Мектеп жанынан құрылған «Қуаныш» шағын орталығындағы мектеп жасына дейінгі баланы ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу бағытындағы ұйымдастырылған жұмыстарды ары қарай жалғастыру тәрбиешілерге, қадағалау шағын орталық әдіскері Г.Тәштитоваға бекітілсін.
4. Алдағы уақытта Lesson Study үдерісі математика, химия пәндерінен де ұйымдастырылсын және осы үдерістің талапқа сай құжаттармен жүргізіліп, жинақталуы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға жүктелсін.
5. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, мектепшілік бақылау бойынша жұмыстарды талапқа сай жүргізу, жинақтау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Хатшы:

Ә. Кеулімжай

А.Жарболова